

ӘОЖ 371.32:681.518

ЦИФРЛЫ ТЕХНОЛОГИЯ – БОЛАШАҚҚА БАТЫЛ ҚАДАМ

*Карипова М. Р., э.ғ.м., аға оқытушы,
Л. Б. Гончаров атындағы ҚазАЖИ, Алматы
E-mail: Amikosha2006@mail.ru*

Аннотация: Бұл мақалада цифрлық білім беру ресурстарының түрлері сипатталған және оқу үдерісінде цифрлық білім беру ресурстарын қолданудың тиімділігі қарастырылған.

Стратегиялық білім беру саласындағы мамандар ХХІ ғасырдың білім беру жүйесі деп, ал қазіргі уақытта өзекті мәселенің бірі қашықтықтан оқыту тақырыбының өзектілігі болып тұр. Қазіргі кезде оны дамыту сатысы сандық технология түрлері ретінде сипатталады. Қазіргі кезіндегі оқытудың өте қажетті, сонымен қатар заманауи әдісінің бірі және бірегейі сандық технологияларды пайдалана отырып, қашықтықтан оқыту жүйесі болып табылады. Бұл қоғамның қажеттілігіне барынша лайықты және икемді түрде жауап бере алатын және елдің әрбір азаматының білім алуға конституциялық құқығын іске асыруды қамтамасыз ететін жүйе болып табылады. Жоғарыда аталған факторларға сүйене отырып, қашықтықтан оқыту 21-ғасырға мамандардың жоғары біліктілік деңгейін үздіксіз ұстау мен үздіксіз оқыту жүйесі ретінде енетін болады деп қорытынды жасауға болады.

«Сандық трансформациясы арқылы қашықтықтан білім беру дегеніміз не?» деген сұраққа іздеу жүйесі бірнеше жауап берді, оларды қарастырайық. Сандық трансформациясы арқылы қашықтықтан білім беру — бұл компьютерлік және телекоммуникациялық технологиялар мен құралдардың көмегімен толығымен немесе ішінара оқыту.

Сандық трансформациясы арқылы қашықтықтан білім беру — өзін-өзі тану негізінде танымдық белсенділікті ұйымдастыру, онда тікелей педагогикалық байланыс азайтылады.

Сандық трансформациясы арқылы қашықтықтан білім беру — бұл оқытудың әдеттегі нысандарынан біршама ерекшеленетін жаңа, ерекше білім беру нысаны болып табылады, басқа құралдарды, әдістерді, оқудың ұйымдастырушылық формаларын, мұғалімдер мен оқушылар арасындағы өзара әрекеттесудің басқа формаларын қамтиды.

Сандық трансформациясы арқылы қашықтықтан білім беру — корреспонденттік формаға ең жақын, бірақ ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, Интернет арқылы оқушылар мен

мұғалімдер арасындағы байланысқа мүмкіндік беретін жаңа формалар.

Сандық трансформациясы арқылы қашықтықтан оқытудың артықшылықтары, білім беру саласындағы сарапшылардың және оқушылар мен ата-аналардың өздерінің айтуы бойынша қашықтан білім берудің артықшылықтары айқын және төмендегідей: Сандық технологияларды қолдана отырып елде 3D – принтинг, онлайн- сауда, мобильді банкинг, цифрлы қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту үстінде. Бұл индустриялар қазірдің өзінде дамыған елдердің экономиканың құрылымын өзгертіп, дәстүрлі салаларға жаңа сапа дарытты», - деп нақты бағдар берді.

Цифрлық технологиялар - заман талабы. Олар қоғам өміріне әсерін молынан тигізуде. Соған қарай коммуникациялар мен ақпараттық жүйелерге және көрсетілетін қызметтерге жаңа талаптар қойылуда. Серпінді дамып келе жатқан алдыңғы қатарлы мемлекеттер цифрлық экономиканы дамытуға белсенді түрде басымдық беруде. Бұл жаһандық күн тәртібінің аса маңызды бағыты. Цифрлық экономиканы қалыптастыруда айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізген елдерге тән ортақ сипат бар.

Болашақта Қазақстанның озық ел атану жолындағы басты құралы – цифландыру. Көпшілікке мәлім, ертеңгі күнді ертерек ойлап, «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы қабылданған болатын. Қазақстан 2018-2022 жылдары «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын іске асырды. Бағдарламада экономика саласын цифрландыру, сандық мемлекетке көшіру мақсаты айқын көрсетілген. Мамандардың айтуынша, алдағы 10-20 жылда мамандықтардың жартысы жойылатындықтан отандық білімді жаңғыртып, цифрлық дәуір талаптарына сай мамандарды даярлау керек. Соңғы кезде жиі айтылып жүрген цифрлылық дегеніміз не? Алдымен осыған тоқталайық.

Бүгінгі таңда «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында министрлік тарапынан бірқатар жұмыстар атқарылды. Атап айтсақ, ведомство бұйрығына сәйкес 2018-2019 оқу жылында «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәні 3-сыныптың оқу бағдарламасына енгізілді, сондай-ақ 2019-2020 оқу жылында 4-сыныпқа, 2020-2021 оқу жылында 1-2 сыныптарға енгізілді. Одан әрі 5-11 сыныптардың бағдарламалары, ең алдымен STEM- элементтердің яғни, роботтехника, виртуалды шындық, 3D-принтинг және басқаларының қосылуын ескере отырып, бағдарламалау тілдерін қайта қарау өзекті болмақ.

Бағдарлама бірнеше бағыттардан тұрады, ал білім саласындағы цифрландыру мәселесіне келсек, бұл – адами капиталды дамыту бағыты. Бұл бағыт білім берудің басқару жүйесін құру, бастауыш білім беруде бағдарламалау негіздерін 2-сыныптан енгізу, жетекші АКТ мамандықтар бойынша білім беру бағдарламаларын жаңарту сияқты іс-шаралар жүзеге асырылуда. Оның ішінде заманауи трендтерді ескере отырып, студенттердің цифрлы дағдыларын арттыру мақсатында еліміздегі жоғары оқу орындарының базасында құзыреттілік орталықтарын ашу көзделген. Жалпы бағдарламаның орындалуы жақсы деңгейде деуімізге болады.

Бүгінде цифрландыру процесі әлемдегі барлық елдерге әсер етеді. Сонымен қатар әрбір ел цифрлық дамудың басымдықтарын өзі айқындайды. Әлемдегі 15-тен астам мемлекет қазіргі уақытта ұлттық цифрландыру бағдарламаларын іске асыруда. Қытай, Сингапур, Жаңа Зеландия, Оңтүстік Корея және Дания ұлттық экономикаларды цифрландыру бойынша алдыңғы қатардағы елдер болып табылады. Қытай өзінің "интернет плюс" бағдарламасында цифрлық индустрияны дәстүрлімен біріктіреді, Канада Торонтода АКТ-хабын жасады, Сингапур драйвері АКТ болып табылатын "ақылды экономиканы" қалыптастырады, Оңтүстік Корея "Креативті экономика" бағдарламасында адами капиталды, кәсіпкерлікті дамытуға және АКТ саласындағы жетістіктерді таратуға бағдарланады, ал Дания мемлекеттік секторды цифрландыруға баса назар аударуда. Білім беру саласы – бәріміз үшін өте маңызды тақырып. Ұлттың болашағы білім-ғылыммен қаруланған келешек ұрпақтың қолында екені айтпаса да түсінікті. Біз бүгін бұл саладағы сансыз реформаларды сөз еткелі отырған жоқпыз. Бізге керегі – «Цифрлы Қазақстан» бойынша жүзеге асып жатқан істердің нақты нәтижесі.

Сандық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивті және онлайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген оқытушы болуы тиіс.

Цифрлық білім беру ресурстарын әзірлеуші Ұлттық ақпараттандыру орталығы “цифрлық білім беру ресурстары – ол білім беру үдерісінің интерактивті қашықтықтан оқыту субъектілердің әрекеттесуі ретінде электрондық оқытудың инфокоммуникациялық білім беру жиынтығының ортасын құруды қамтамасыз ететін, цифрлық пішімдегі электрондық тасымалдаушылардағы дидактикалық материалдар” деген. Кейбір кезде электрондық оқу ресурстарының ішкі

жиынының деректерін ерекшелеу үшін оларды “цифрлық білім беру ресурстары” деп те атайды немесе цифрлық пішімдерді аудио/бейнеақпараттарды тасымалдаушыларға жазу үшін де пайдаланады және олар кез келген электрондық тасымалдаушыларда не болмаса телекоммуникациялық желілерде жарияланады. Барлық анықтамаларды қорыта келе, цифрлық білім беру ресурстары – цифрлық пішімде ұсынылған дидактикалық материалдар кешені. Ол суреттерді, бейнеүзінділерді, статистикалық және динамикалық модельдерді, виртуалды шынайы және интерактивті модельдеу объектілерін, катрографикалық материалдарды, дыбысжазбаларды, символды объектілер мен іскерлі графиканы және оқу үдерісін ұйымдастыруға арналған оқу материалдарды қамтиды. Ол электронды тасымалдаушылармен қоса білім біру сайттары мен порталдарында ұсынылады.

Қазіргі жағдайдағы бір ғана электрондық оқулықтар түріндегі ресурстар, цифрлық білім беру ресурстарына деген қажеттілікті қамтамасыз ете алмайды, яғни цифрлық білім беру ресурстарының басқа да түрлерін дамытуға баса назар аударылуы қажет.

Бүгінгі таңда білім берудің әр түрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан әр түрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны мен оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибесіне сынап қараудың маңызы зор.

Цифрлы технология жүйесі арқылы еліміз әр салада үздік көрсеткіштерге қол жеткізе беретін болады. Уақыт өткен сайын адамдардың мүмкіншіліктері де арта түсуде. Айтса сенгісіз дүниелер айта кетсек, ақылды технологиялар бүгінгі таңда өмірімізге еніп, адам қиялынан туындаған ғажайып туындылар өмірге келуде. Жаңа өнім, жаңа қызмет сапасы, жаңа құрылғылар – цифрлы технология жүйесінің жарқын белгісі. Бұл сөзсіз ХХІ – ғасырдың жетістігі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Тілеубай С. Ш., Тоқсанова С. К., Бекмуратова Х. К. Цифрлеу дәуіріндегі білім беру. «Жоғары білім беруді интернационалдандыру: тәжірибе, проблемалар және даму перспективалары» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. Қызылорда, 17 мамыр 2023. 299б.